

Грамматикалық категория және лексика-грамматикалық категорияның сипаты туралы

Жолшаева Майра

филология ғылымының кандидаты.

Категория түрлері тілдік бірліктерді топтауға негіз болатын белгінің, қасиеттің сипатына қарай ажыратылады. Тілдік бірліктерді грамматикалық және лексикалық категорияларға топтастыруда белгілі бір ұқсастық бар. Жалпы лексикалық категорияларға жіктеуде тілдік бірліктің лексикалық семантикасы, ал грамматикалық категорияларға жіктеуде оның грамматикалық сипаты басшылыққа алынады. Мәселен, ұғыммен байланысты болып, белгілі бір мағынаны білдіретін сөз лексикалық мағынасы арқылы басқа сөздерден дараланатын болса, екінші жағынан жалпы грамматикалық ортақ мағына арқылы өзара топ құрап, бірігеді. Сөздің өмір сүру формасы сөйлеу болып табылатындықтан сөйлеу процесінде ол басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсіп, түрлі тұлғаларда жұмсалады және соған сай олардың лексикалық мағынасына түрлі мән-мағына үстеледі. Бұл үстеме мән-мағыналар сөздің лексикалық мағынасын толықтай өзгертіп, жаңа мағыналы сөз жасауы да, сондай-ақ оның мағынасын өзгертпей, тек оған қосымша мағыналық реңк үстеуі және лексикалық мағынаға ешқандай мағыналық өзгеріс енгізбей, тек грамматикалық мағына тудыруы да мүмкін. Осы тұрғыда, әлемдік тіл білімінде өзіндік дифференциалды көрсеткіштері бар тілдік категориялардың негізінен жалпы үш түрін көрсету орныққан көзқарас деуге болады. Олар:

- лексика-семантикалық категория;
 - лексика-грамматикалық категория;
 - грамматикалық категория.
- Келесі кезекте лексика-грамматикалық және грамматикалық категорияның негізгі сипаттамасына, олардың дифференциалды белгілеріне тоқталамыз.

Лексика-грамматикалық категория. Грамматикалық категория грамматикалық мағынаға негізделсе, лексика-грамматикалық категория лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаның тоғысынан көрінеді. Әдетте, *лексика-грамматикалық категория* термині, көп жағдайда, *разряд* немесе *топ*, *класс* ұғымдарымен қатар, *сөздердің лексика-грамматикалық тобы*, *сөздердің лексика-грамматикалық разряды* түрінде қолданылады. Бұл терминдердің пайда болуы сөздерді сөз табына топтастыруда негізге алынатын сөздердің лексика-грамматикалық сипатына байланысты туындаған және грамматикалық мағына ұғымын түсіндірумен тығыз байланысты болып келеді. Мәселен, грамматикалық мағына екіжақты түсініледі. Біріншісі – белгілі бір сөздер тобына (сөз табына) тән тіл бірліктерінің жалпы категориялық мағынасы. Мұнда сөздерді бір топ аясына біріктіретін сөздердің барлығын жинақтауға негіз болатын олардың бойындағы жалпы мағына дегенге саяды: етістіктерге тән қимылдық мағына; зат есімге тән заттық мағына т.б.. Екіншісі – белгілі бір сөз табының құрамына кіретін сөздердің

белгілі бір тұлғада көріктеніп келуі арқылы берілетін мағына: меншіктік мағына; шақтық мағына т.б.. Біз тоқталғалы отырған лексика-грамматикалық категория термині тікелей грамматика шеңберінде қаралып, грамматикалық категорияның бір түрі ретінде анықталады. Мәселен, С.Исаев грамматикалық категорияны екіге бөліп қарайды: лексика-грамматикалық категория және таза грамматикалық категория [1, 64 б.]. Таза грамматикалық категория деп отырғаны - морфологиялық категория. Ғалым мұнда түбір семантикасын өзгертпей, оған ешқандай қосымша мағына үстемей, таза грамматикалық мән немесе мағына үстейтін шартты негіз етіп алады. Ал лексика-грамматикалық категорияларда жалғанған қосымша түбірдің лексикалық мағынасына өзгеріс енгізеді. Сөйтіп, лексика-семантикалық және грамматикалық сипаттарына қарай олар таза грамматикалық категориялардан ерекшеленеді. Автор екінші топтағы категориялардың қатарына етістіктің етіс формаларын, болымсыз етістікті, салттылық/сабақтылық категориясын және күшейтпелі етістік тұлғаларын немесе көріністі жатқызады. Бұл тұста автордың күшейтпелі етістік немесе көрініс деп отырғаны біздіңше қимылдың өту сипаты категориясына қатысы бар сияқты. Алайда ол еңбегінде қимылдың өту сипаты терминін қолданбайды және бұл категория туралы ешқандай мәлімет бермейді.

Лексика-грамматикалық категорияның өзіндік ерекшеліктері грамматикалық категориямен салыстырғанда айқын көрінеді және сол негізде оның өзіндік белгілерін белгілеуге болады. Мәселен, етістіктің болымдылық тұлғасы мен болымсыздық тұлғасының мағынасын бір дей алмаймыз: *бар – барма; айт – айтпа*. Мұнда болымсыздық қосымшасы –*ма/-ме (-ба/-бе, -па/-пе)* жалғанған сөздің лексикалық мағынасына болымсыздық мәнін үстеп тұр. Сонда лексика-грамматикалық категорияда грамматикалық категорияға қарағанда лексикалық мағына басымдық сипат алады. Басқалай айтқанда, грамматикалық категорияда грамматикалық мағына жасайтын форма түбір мағынасына ешқандай өзгеріс, ешқандай мән қоса алмайды, тек қана грамматикалық мағына үстейді. С.Исаев лексика-грамматикалық категория деп танудың негізгі белгілеріне оның тұлғалық сипатын да қосады. Бұл орайда лексика-грамматикалық категорияның көрсеткіші болып табылатын тұлғаның екінші жақ бұйрық раймен тұлғасы жағынан сәйкес келетіндігін және тікелей жіктелмейтіндігін негізге алады. Жоғарыдағы болымды/болымсыз етістік тұлғаларына келсек, *бар – барма; айт – айтпа* сөздері бұйрық райдың екінші жағына тұлғасы жағынан сай келеді. Ал енді оларды жіктік жалғауларымен түрлендірсек, тікелей түрленбейді, *бар – барма + мын (+сың); айт + мын (+сың) – айтпа + мын (+сың)* тұлғасында ешуақытта айтылмайды. Бұл олардың «түбір» қалпында сөйлеуде басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсе алмайтындығын көрсетеді.

Орыс тіл білімінде сөздің грамматикалық мағынасы екіге бөліп қарастырылады: таза грамматикалық (сөзөзгерімдік) мағына және лексика-грамматикалық (классификациялық) мағына. Мұнда грамматикалық немесе сөзөзгерімдік категорияның біртекес, ыңғайлас грамматикалық мағыналар жиынтығынан құралатындығы негізге алынады және категорияның бұл түрінде

грамматикалық мағына парадигманың әр мүшесі арқылы жеке-жеке көрінеді. Мысалы: зат есімнің септік, көптік, етістіктің шақ категориялары. Ал лексика-грамматикалық мағына тұтастай сөзге, барлық парадигмаға тән болып келеді. Осындай біртектес лексика-грамматикалық мағына жиынтығы осы аттас категорияны қалыптастырады.

Сонымен, айтылған ғылыми тұжырымдарды жинақтай келе, лексика-грамматикалық категорияның мынадай ерекшеліктерін көрсетуге болады:

1) мазмұн тұрғысынан келгенде лексика-грамматикалық категория көрсеткіштері жалғанған сөздің лексикалық мағынасына сәл де болса семантикалық өзгеріс енгізеді;

2) тұлғалық жағынан келгенде, лексика-грамматикалық категория көрсеткіші жалған сөздің түбірі: біріншіден, тұлғасы жағынан бұйрық райдың екінші жағымен сай келеді; екіншіден, тікелей жіктік жалғауын қабылдап, түрленбейді.

Грамматикалық категорияның көп жағдайда тар мағынада, морфологиялық категория ұғымында қолданылуы басым болып келеді. Тіл білімінде грамматикалық категорияларға берілген анықтама көп. Бұл анықтамаларда грамматикалық категория ұғымы түрліше түсіндіріледі. Мұны грамматикалық категорияның сан қырлы сипатымен байланыстыруға болады.

Лингвистикалық түсіндірме сөздікте грамматикалық категория анықтамасы бірыңғай мағынасы бар грамматикалық тұлғалар қатарының қарама-қарсы қойылатын жүйесі деп берілген [2, 55 б.]. Бұл мазмұндас анықтаманы Л.В.Щерба, В.В.Виноградов, А.И.Смирницкий еңбектерінен де табуға болады. Л.В.Щерба грамматикалық категорияның жасалуы грамматикалық мағына мен оның формальді белгілерінің тығыз байланысына негізделетіндігін және формальді белгілердің мағынасыз айқындалмайтындығын айтады [3, 65 б.].

Грамматикалық категория ұғымына берілген анықтамаларды сараптай келе, олардың бір тобы грамматикалық категорияны мағына пен форма тұтастығынан тұратын «бүтін» ретінде танытын ортақ идеяға негізделетіндігін байқаймыз. Бұл сипаттағы анықтамаларды грамматикалық категория табиғатын толық ашады деп білеміз. Сонда грамматикалық категорияның лексикалық мағынаның жалпылануы арқылы берілетін грамматикалық мағынадан айырмашылығы да тек мәндес грамматикалық мағына жиынтығынан ғана емес, әрі қайшы мәндес мағыналар жиынтығының қатарынан тұратын жүйе болып табылатындығында. Бұл: біріншіден, грамматикалық категорияның тілдің құрылымдық негізі болып табылатындығын көрсетеді. Екіншіден, тілдік-грамматикалық абстракцияланудың сипатын айқындайды. Үшіншіден, грамматикалық құрылымның мазмұнын сипаттайды.

Грамматикалық категорияға қатысты айтылған пікірлерге сүйене отырып, оның төмендегідей белгілерін көрсетуге болады:

1) грамматикалық категория ұғымы грамматикалық мағына және грамматикалық тұлғамен байланысты;

2) грамматикалық категория мағына мен тұлғаның сәйкес келуімен, арнайы грамматикалық формалармен берілетін қарама-қарсылықтағы жүйенің болуымен байланысты;

3) грамматикалық категория кем дегенде өзара қарама-қарсылық қатынаста болатын грамматикалық мағынадан тұрады;

4) грамматикалық категория мәні мен болмысы грамматикалық мағынаның берілу жолдары, яғни грамматикалық тұлғалардың жүйесі немесе өзгеріп отыратын парадигмасы арқылы анықталады. Қазақ тілінде морфология оқулықтары мен етістікке қатысты еңбектерде оның (етістіктің) грамматикалық категориялары қатарында шақ категориясы, рай категориясы, салттылық/сабақтылық категориясы, етіс категориясы, болымды / болымсыз етістік категориясы, жіктік категориясы, қимылдың өту сипаты категориясы, қимыл атауы категориясы, есімшелер категориясы мен көсемшелер категориясы көрсетіліп жүр. Алайда бұл категорияларға қатысты ғалымдар пікірінде айырмашылықтар да кездеседі. Мәселен, «Қазақ грамматикасы» атты 2002 жылы жарық көрген соңғы іргелі академиялық грамматиканың етістікке қатысты бөлімінің авторы - С.Исаев. Ғалым етістіктің грамматикалық сипатын және етістік тұлғаларының жүйесін түсіну үшін олардың (етістіктің сөз табының) сөйлеудегі қолданылу ерекшеліктеріне көңіл бөлу қажеттігін айтады. Ол етістіктердің қолданысына талдау жасай келе, таза грамматикалық категориялар деп жақ категориясы, рай категориясы мен шақ категориясын ғана көрсетеді [4, 512-527 бб.]. С.Исаев бұл категориялардың жоғарыда санамалап көрсетілген грамматикалық (морфологиялық) категорияларға қойылатын талаптарға толық жауап бере алатындығын негізге алған. Яғни бұл категориялардың грамматикалық мағынасы өзара қарама-қайшылыққа құрылған мағыналардың парадигмалық жүйесін жасай алады. Ал қалған категориялардың морфологиялық категория талаптарына толық сай келмейтіндігін, олардың өзіндік семантика-грамматикалық ерекшеліктерге ие болып келетіндігін айтады.

Етістік жайында арнайы еңбек жазған Ы.Маманов етістіктер жүйесін айқындауда өзіндік тұжырымдама ұсынады. Ғалым қазақ тілінің жалғамалық қасиетін негізге алып, етістік категорияларын сатылай жүйелеу принципі бойынша жіктейді. Ол, ең алдымен, етістіктерді екіге ажыратады: негізгі етістіктер және функциялық етістіктер. Негізгі етістіктерге негізгі түбір етістік, туынды түбір етістік, тіркесті түбір етістік, қос түбір етістік, кіріккен түбір етістік сөздерді жатқызады және мұндай сөздердің лексикалық мағынаны білдіретіндігін айтып, оларды сөзжасамдық категорияға топтастырады. Ал осы етістіктерге жалғанып, грамматикалық мағына үстейтін тұлғаларды модификациялы етістіктер деп атайды, оларға етіс категориясын, күшейтпелі етістік пен күрделі етістіктерді жатқызады. Сондай-ақ, үшінші топ функциялық етістіктер деп аталады да, оларға тұйық етістік, есімше, көсемше

жатқызылады [5]. Ғалымның тұжырымдамасы бойынша, етістіктер морфологиялық жағынан ең алдымен, лексикалық бүтін және грамматикалық бүтін болып екіге ажыратылады. Грамматикалық бүтін өз ішінде екіге бөлінеді: біріншісі - түбір етістіктің лексикалық мағынасына грамматикалық мағына үстейтін етістіктің формалары - модификациялы етістіктер; екіншісі – атқаратын функциясына қарай жіктелетін функционалды етістіктер. Ғалымның пайымдауынша, модификациялы етістіктер жалғанған түбірдің лексикалық мағынасын өзгертпей, оған грамматикалық мағына үстейтін формалар жатады. Олардың қатарына автор етістерді, күшейтпелі етістіктерді, күрделі етістіктерді жатқызады. Ал функционалды етістіктер қатарында тұйық етістікті, есімше мен көсемшені қарап, оларды топтастыруда тұйық етістіктің қимыл есімінің қызметін, есімшенің сын есім қызметін, ал көсемшенің үстеу қызметін атқаруын негізге алады.

Сонымен, жалпы грамматикалық категорияның жіктелуіне етістіктің түбіріне грамматикалық мағына үстеумен ғана шектелетін тұлғалардың және грамматикалық мағынаға қоса, лексикалық мағынасына қосымша жаңа мән үстейтін тұлғалардың сипаты негізгі белгі ретінде алынады. Соңғысы етістік түбіріне басқа грамматикалық тұлғалардан бұрын жалғанады. Бұл Ы.Мамановтың тұжырымдамасы бойынша болымдылық/болымсыздық көрсеткіштерінің түбірге жалғану сипаты және оның негізгі етістікті функциялық етістіктен, жіктелетін формалардан ажырату шартымен сәйкес келеді. Ы.Маманов болымсыздықтың –ба/-бе, -ма/-ме, -па/-пе көрсеткіштерінің тікелей түбірге жалғанатындығын, ал функциялы етістіктің грамматикалық көрсеткіштерінің осы болымсыздық қосымшаларынан кейін ғана жалғанатындығын айтады. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ тіліндегі қимылдың түрлі ішкі өту ағымын білдіретін аналитикалық форманттар болымсыздық көрсеткіштерінен бұрын жалғанады. Яғни, Ы.Мамановтың тұжырымдамасына сай тікелей жіктелмейтін тұлға болып табылады.

Ал басқа түркі тілдеріндегі етістік категорияларының жіктелуіне, оның ішінде етістіктің грамматикалық категорияларына қатысты айтылған еңбектерге шолу жасағанда түйгеніміз: қырғыз тілінде бірыңғай грамматикалық мағыналар мен грамматикалық формалардың жиынтығы грамматикалық категория деп анықталған [6, 85 б.]. Бұл анықтамаға сүйенсек, кез келген бірыңғай грамматикалық мағыналардың жиынтығы грамматикалық категория болып шығады. Анықтамада белгілі бір грамматикалық тұлғадағы бірыңғай мағыналардың өзара қайшы мәндес болып келу шарты қамтылмаған. Алайда бұл еңбекте грамматикалық категорияға ары қарай жасалған сипаттамада тектес мағыналардың кем дегенде екі тұлғада келу керектігі және осы ыңғайлас мағынаның өзара қарама-қайшы қатынас құрауы жайында айтылады. Яғни анықтамада қамтылмаған мәселелер мысалдар негізінде түсіндіріледі. Бұдан қырғыз тілінде де айналып келгенде грамматикалық (морфологиялық) категорияға

қатысты тұжырымдардың жалпы тілтанымдағы пікірлермен мазмұндас екендігін байқауға болады.

р/с	Лексика-грамматикалық категория	Грамматикалық категория
1.	Сөйлеуде көрінеді	Сөйлеуде көрінеді
2.	Лексикалық мағына мен грамматикалық мағына тоғысынан көрінеді	Грамматикалық мағынаға негізделеді
3.		ГК-ның морфологиялық көрсеткіштері мағынасы жағынан тектес болады
4.		ГК-ның грамматикалық көрсеткіштері өзара оппозицияда болады
5.	Грамматика деңгейінде қаралатын категория (форма жасам мен сөзжасам арасындағы аралық құбылыс болып табылады)	Морфология деңгейіне жатады
6.	Лексика-грамматикалық мағына, бірақ лексикалық мағынаның сипаты сәл де болса басымдау болады	Таза грамматикалық мағына
7.	Лексика-грамматикалық көрсеткіш жалғанған сөздің түбір тұлғасы тікелей жіктелмейді (ал қалып етістіктерінің тікелей жіктелу себебі оның тарихында жатыр)	Грамматикалық категория көрсеткіші жалғанған сөздің түбір тұлғасы тікелей жіктеледі

Енді жоғарыда көрсетілген категория түрлеріне қойылатын талаптардың негізінде қарағанда, қазақ тіліндегі морфология деңгейінде қарастырылып жүрген кейбір грамматикалық категориялар (тар мағынада) жоғарыда аталған талаптарға толық жауап бере алмайды. Мәселен, категорияларға жіктеуде ұстанатын таза формальді белгілер тұрғысынан келгенде қазақ тіліндегі қимылдың өту сипаты категориясы осыған дәлел бола алады. Өйткені:

Біріншіден, бұл категорияның негізгі көрсеткіштері саналатын аналитикалық форманттар барлық етістіктерге жалғанып, абстракция жасай алмайды. Бұл - олардың грамматикалық (морфологиялық) категорияға қойылатын талаптар деңгейінен шыға алмайтындығына дәлел. Егер аналитикалық форманттар қимылдың өту сипаты грамматикалық

категориясының грамматикалық көрсеткіштері болса, онда тілдегі барлық етістіктерге жалғанып, олардың түрлену жүйесі ретінде қаралуы керек. Мысалы, етістіктерді - *п жібер* формантын түрлендіріп қарайық: амал-әрекет етістіктеріне (*ішіп жібер, салып жібер, сұрыптап жібер, ұрып жібер, жасап жібер*) жалғанып, бірден, тез жасалған қимылды білдірсе, қозғалу етістіктерімен (*келіп жібер, барып жібер, ұшып жібер, адымдап жібер*), қарым-қатынас етістіктерімен (*қоштасып жібер, сәлемдесіп жібер, меншіктеп жібер, қадірлеп жібер, бағынып жібер*), сезіну етістіктерімен (*пайымдап жібер, сезіп жібер, мүңкіп жібер, қышып жібер*), ойлау етістіктерімен (*ойлап жібер, тәуекел етіп жібер, шешімге келіп жібер*), эмоционалды етістіктермен (*мәз болып жібер, қуанып жібер, қайғырып жібер*) және қалып етістіктерімен т.б. түрленіп айтылмайды. Яғни барлық бұл аналитикалық формант пен барлық етістіктер түрлене бермейді. Бұл грамматикалық категория көрсеткіштерімен салыстырғанда айқындала түседі. Мәселен жоғарыдағы етістіктерді грамматикалық шақ категориясының өткен шақ көрсеткіштерімен түрлендіріп көрейік: *ішті – ішіп жіберді; салды – салып жіберді; сұрыптады – сұрыптап жіберді; ұрды – ұрып жіберді; жасады – жасап жіберді; келді; барды; ұшты; адымдады; қоштасты; сәлемдесті; меншіктеді; қадірледі; бағынды; пайымдады; сезді; мүңкіді; қышды; ойлады; тәуекел етті; шешімге келді; мәз болды; қуанды; қайғырды*. Жалпы қимылдың түрлі жасалу тәсілдерін білдіретін көрсеткіштердің етістіктердің белгілі бір тобына ғана талғап жалғану жайын Н.Оралбаева олардың (бұл категория көрсеткіштерінің) өзіндік ерекшелігі деп көрсетеді және бұл ерекшелікті етістіктердің семантикасына байланыстырады.

Екіншіден, аналитикалық форманттар өзара оппозиция құрамайды.

Үшіншіден, аналитикалық форманттардың мағына реңктерін берудегі мүмкіндігі орасан зор. Жалпы мағынаның мағыналық реңктері сөйлеу мақсатында туындайды. Мұндай сөйлеуде көрінетін мағыналық реңктерді беруге аналитикалық тәсіл өте икемді келеді. Көмекші етістіктер негізгі етістіктерге тіркескенде жетекші етістіктің лексикалық мағынасына сәл де болса өзгеріс енгізеді, оған семантикалық реңк жамайды. Ол семантикалық реңкті аналитикалық формалы етістік мағынасын жетекші етістіктің лексикалық мағынасымен тең дәрежеде алып қарауға болмайды. Мысалы: *оқы* етістігі белгілі бір таңбамен таңбаланған жазуды көру және соның нәтижесінде дыбыстау мүшелері арқылы ондағы ақпаратты жеткізетін амал-әрекет етістігі болып табылады. Осы етістікке -*п шық, -п ал, -п бер* аналитикалық форманттарымен түрлендіру нәтижесіндегі *оқып шық, оқып ал, оқып бер* етістіктерінің мағынасы бір-бірінен ерекшеленеді, бірінде бар семантикалық реңк екінші етістік бойында жоқ. *Мен газетке жарияланған «Шәкеннің қылмыстары» дегенді түгел оқып шықтым* (Қ.Жұмаділов); *Жарты бетке толар-толмас хатты мен оған үш қайтара оқып бердім* (Д.Исабеков); *Қажетті материалдарды осы кітаптан оқып аласың* (Б.Сатыбалдыұлы) деген сөйленімдерде бір ғана оқу әрекетіне қатысты мағыналық жағынан бірін-бірі қайталамайтын үш түрлі қимыл қамтылған.

Егер - *n шық* аналитикалық форманты оқу әрекетінің бастан-аяқ орындалғандығын, аяқталғандығын білдірсе, -*n бер* аналитикалық форманты оқу әрекетінің бөгде біреу арқылы екінші адамға қарата іске асырылғандығы мағынасымен қоса, амал-әрекеттің аяқталғандығын да білдіреді. Бұл аналитикалық формант арқылы берілетін іс-әрекеттің біреу арқылы жүзеге асу мағынасы - *n шық* формантының бойында жоқ. Ал -*n ал* аналитикалық форманты іс-әрекетті субъектінің өзінің орындай алу мүмкіндігі мағынасын білдіруі арқылы оқу әрекетін субъектінің өзі жүзеге асыратындығын көрсетіп тұр. Сонымен, *оқы* етістігі арқылы берілетін қимыл семантикасы мен *оқып шық, оқып бер, оқып ал* етістіктерінің семантикасында өзіндік айырмашылықтар бар. Соңғы жағдайда оқу әрекеті түрлі қосымша семантикалық ренктермен қабат келген. Ал грамматикалық көрсеткіштер өзі жалғанған етістіктің лексикалық мағынасына ешқандай әсер етпейді, тек грамматикалық мағына ғана үстейді. Мысалы, *оқы* етістігін грамматикалық шақ көрсеткіштерімен түрлендірсек, өткен шақ: *оқыды*; осы шақ: *оқып жатыр*; келер шақ: *оқиды* дегенде етістік тек грамматикалық мән ғана иеленген. Яғни оқу әрекетіне сөйлеу сәтіне қатысты орындалу мерзімі мағынасы қосылған.

Төртіншіден, лексика-грамматикалық категорияның көрсеткіші жалғанған етістік тұлғасы тікелей жіктік жалғауын қабылдамайды. Олар етістіктің шақ, рай көрсеткіштерін қабылдап барып қана жіктеледі. Бұл тұжырымды қазақ тіліндегі аналитикалық форманттар мәселесін арнайы зерттеген ғалым Н.Оралбаеваның мына пікірі негіздей түседі: «қимылдың өту сипатының форманттары жіктік жалғауының толық және қысқа түрлерімен ешуақытта тікелей тіркеспейді, олардың арасында рай көрсеткіштері тұрады» [7, 126 б.]. Етістіктердің ішінде *отыр, тұр, жатыр, жүр* қалып етістіктерінің тікелей жіктік жалғауын қабылдайтындығы белгілі. А.Хасенова аталған етістіктердің жіктік жалғауымен тікелей түрленуін оның тарихымен байланысты қарайды. Олардың қазіргі кезде негізгі түбір болып табылғанымен, тарихи тұрғыдан түбірге қосымшалары сіңісіп кеткен туынды түбірлер (*отыр – ол тұрұр, тұр – тұрұр, жатыр – жатырұр, жүр – жүрұр* дегеннен қалыптасқан) болып табылатындығын айтады [8]. Қалып етістіктерінің тарихына қатысты мұндай пікірді М.Оразов та білдіреді. Ғалымның көрсетуінше, аталған етістіктер тарихи тұрғыда бір кездері *олтурур, отурур, турур, дурур, журур, іурур* формаларында қолданылған [9, 98 б.]. Автор осы етістіктер құрамындағы -*ур* қосымшасын қазақ тіліндегі *жатыр* қалып етістігін талдау арқылы түсіндіреді. *Жат* етістігі осы қалыпта жіктік жалғауын қабылдамайды, тек жатыр тұлғасында келгенде ғана жіктеледі. Яғни мұндағы - *ыр* элементі тарихи жағынан белгілі бір мағынада қолданылған морфема болуы керек және қазіргі кезде бұл элемент гаплогия заңдылығына ұшырап, өз мағынасын түбірге сіңдіріп, қазіргі кезде негізгі түбір ретінде қабылданатын дәрежеге жеткен деген тұжырым жасайды. М.Оразов мұндағы -*ыр* қосымшасын тіл тарихында ауыспалы осы шақ қосымшасы болғандығын айтады. Ендеше, қазіргі қазақ тіліндегі төрт қалып етістігінің тікелей жіктелу

сыры оның тарихында жатыр. Бұл етістіктерге бұлайша кеңірек тоқталу себебіміз, олар көмекші етістік қызметінде жұмсалып, қандай да бір категорияның көрсеткіші болып табылғанда басқа етістіктерден ерекшелігі тікелей жіктеле береді. Ал негізінен басқа аналитикалық форманттар белгілі бір грамматикалық категория көрсеткіштерінен кейін ғана жіктеледі. Мысалы: *Ол намазға да онша құнтақты кісі емес. Кейде жұрт намаз оқып жатса, дәрет алмастан жалаң аяқ барып, қатарға отыра кетеді* (Ж.Аймауытов); *Шырты таба алмай столдың үстін сипалай берем* (Т.Ахтанов); *Орысшам жеткенше тұтығып, шатасып, білгенімді айтып бердім* (Т.Ахтанов) деген сөйленімдерде жетекші етістіктің мағынасына қосымша семантикалық реңк үстеген - *а кет*, - *й бер*, - *ып бер* тұлғалары шақ көрсеткіштерін қабылдап барып қана жіктелген. Олар тікелей жіктелмейді, ендеше *отыра кетті* (мұндағы -*ті* 3 жақ жіктік жалғауы); *сипалай бермін*; *айтып бермін* тұлғасында айтылмайды.

Бесіншіден, келесі ерекшелік лексика-грамматикалық категория көрсеткіштерінің етістік түбіріне қосылу тәртібі немесе орнына қатысты болып келеді. Қазақ тіліндегі қимылдың өту сипаты категориясының көрсеткіштері болымсыздық мағына беретін морфемадан бұрын жалғанады. Мысалы: *босқа сөйлей бермейді; оңайлықпен бере қоймайды; тыныш кете салмайды.*

Сонымен, қазақ тіліндегі қимылдың өту сипаты категориясының көрсеткіштері грамматикалық категориядан гөрі, лексика-грамматикалық категория көрсеткіштеріне қойылатын талаптарға толығырақ жауап беретін сияқты.

Әдебиеттер:

1. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы: Рауан, 1998. -305 б.
2. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. Алматы: Сөздік-Словарь. 2002. – 306 б.
3. Щерба Л.Н. Избранные труды по русскому языку. Москва, 1957.7
4. Қазақ грамматикасы. Астана, 2001. -784 б.
5. Маманов Ы. Қазақ тіл білімі мәселелері. Алматы: Арыс, 2007. -490 б.
6. Грамматика киргизского литературного языка. Часть 1. Фонетика и морфология. Фрунзе: издательство «Илим», 1987. – 402 с.
7. Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы. Алматы: Ғылым, 1979. – 196 б.
8. Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. Алматы, 1971.
9. Оразов М. Көмекші сөздер. 2- кітап. Ташкент: Наурыз, 1997. 185 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются виды языковых категории таких как лексико-грамматическая категория и грамматическая категория. А также определяется языковой категориальный статус категорий характера протекания действия.

Resume

In this article linguistic categories such as lexico-grammatical category and grammatical category are examined. Also linguistic status of categories and the character of time passing action are defined.

Özet

Bu makalede leksiko-gramatik kategori ve gramatik kategori gibi dilbilimsel kategoriler incelenmektedir. Ayrıca kategorilerin dilbilimsel statüleri ile zamansal karakterler irdelenmektedir.

**Қазақтың қара сөзінде көп мән жатыр. Күн
шалмайтын қараңғы көңілді сөз шалады.
Ендеше, соншалық қуатты да киелі қаруды қалай
болса солай қолдануға болмайды.**

Ғ. Мұстафин
